

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

«КЕЛІСІЛГЕН»
«Қарағанды облысының ішкі саясат
басқармасы» ММ басшысы
Е.Б.Кұсайын
«29» 03 2022 ж.



«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Мемлекеттік басқару
академиясының Қарағанды облысы бойынша
филиалының директоры
С.Б. Байбосынов
«29» 03 2022 ж.



«БЕКІТЕМІН»
Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті
Басқармасының Төрағасы – Ректоры
Н.О. Дулатбеков
«26» 05 2022 ж.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«7М03103- Халықаралық қатынастар»

Деңгейі: Магистратура

Қарағанды, 2022

Қосымша 1
Мазмұны

№	Білім беру бағдарламасының төлқұжаты	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі	
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	
4	Кредиттер көлемі	
5	Оқу түрі	
6	Оқу тілі	
7	Берілетін академиялық дәреже	
8	Білім беру бағдарламасының түрі	
9	БЖХС бойынша деңгей	
10	ҰБШ бойынша деңгей	
11	СБШ бойынша деңгей	
12	Білім беру бағдарламасының ерекшелігі	
	ЖОО партнер (серіктес)	
	ЖОО партнер (серіктес)	
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	
14	Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі	
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты	
16	Білім беру бағдарламасы бойынша магистрдің біліктілік сипаттамасы	
а)	Біліктілік пен лауазымдар тізбесі	
б)	Кәсіби қызмет саласы мен объектілері	
в)	Кәсіби қызмет түрлері	
г)	Кәсіби қызметінің функциялары	
	Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау	
	Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау	
	Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы	
	Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу	
	Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері	
17	Түлек моделі	

«7M03103 - Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасының төлқұжаты

- 1. Білім беру бағдарламасының коды және атауы:** 7M03103 – Халықаралық қатынастар
 - 2. Білім беру саласының коды және жіктелуі:** 7M03 - Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат, 7M031 - Әлеуметтік ғылымдар
 - 3. Білім беру бағдарламаларының тобы:** ХҚ64 Халықаралық қатынастар
 - 4. Кредиттер көлемі:** 120 ECTS
 - 5. Оқу түрі:** күндізгі
 - 6. Оқу тілі:** қазақша, орысша
 - 7. Берілетін академиялық дәреже:** «7M03103- Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік ғылымдар магистрі
 - 8. Білім беру бағдарламасының түрі:** әрекет етуші
 - 9. БЖХС бойынша деңгей:** 7
 - 10. ҰБШ бойынша деңгей:** 7
 - 11. СБШ бойынша деңгей:** 7
 - 12. Білім беру бағдарламасының ерекшелігі:** -
ЖОО партнер (серіктес)
ЖОО партнер (серіктес)
 - 13. Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі:** KZ83LAA00018485 қосымша 016, 28.07.2020 ж.
 - 14. Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі:** -
 - 15. Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Білім бағдарламасы сыртқы саяси және сыртқы экономикалық салаларда қызмет жасау үшін мамандарды даярлауды мақсат етеді және аймақтық зерттеулер мен халықаралық ынтымақтастық салаларындағы қызметтің тиімділігі үшін қажетті шеберлікті қалыптастыруға бағытталған.
 - 16 Білім беру бағдарламасы бойынша магистрдің біліктілік сипаттамасы**
 - а) Біліктілік пен лауазымдар тізбесі
 - мемлекеттік билік органдарының маманы;
 - коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың қызметкері;
 - ЖОО және түрлі білім беру орталықтарының оқытушысы;
 - ғылыми-зерттеу орталықтарының қызметкері.
 - б) Кәсіби қызмет саласы мен объектілері
- «7M03103 - Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасының осы бағыты бойынша түлектердің кәсіби қызмет саласы:**
- білім беру мекемелеріндегі оқытушылық қызметі;
 - ғылыми орталықтардағы ғылыми-зерттеу және талдау қызметі;
 - мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердегі басқару қызметі.
- Кәсіби қызмет объектілері:**

«7M03103 - Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасы бойынша магистрлердің кәсіби қызметінің объектісі:

- ғылыми-зерттеу орталықтары;
- мемлекеттік басқару органдары;
- коммерциялық және коммерциялық емес кәсіпорындар.

в) Кәсіби қызмет түрлері

- Дипломатиялық және халықаралық-саяси қызмет;
- Зерттеу - сараптамалық қызметі;
- Ұйымдастырушы - әкімшілік қызметі;
- Халықаралық ортадағы коммуникациялық қызмет;
- Педагогикалық қызмет.

г) Кәсіби қызметінің функциялары:

- ғылыми-зерттеу;
- сараптамалық-талдау;
- педагогикалық;
- ұйымдастырушылық - әкімшілік;

17. Түлек моделі

Қосымша 2

Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік типтері	Оқу нәтижесінің коды	Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
1. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	ОН 1	Ғылыми зерттеулердің негізгі әдістерін және ғылыми зерттеулер стратегиясын, ғылымның философиясының классикалық және қазіргі заманғы тұжырымдамаларын білуді көрсетеді, ғылымның дамуының қазіргі кезеңінде туындайтын негізгі дүниетанымдық және әдістемелік мәселелер бойынша бағыттарды біледі, ғылым философиясының терминологиялық аппаратымен, логикалық талдау әдістері мен тәсілдерімен жұмыс істей алады
	ОН 2	Гуманитарлық білім жүйесіндегі жоғары педагогикалық мектептің орны, рөлі мен маңызын түсінеді, педагогикалық зерттеулерді жобалау мен жүргізудің негізгі теориялық, әдістемелік және этикалық қағидаларын, педагогикалық процесті құрастырудың ерекшеліктері, құрылымы мен модельдерін, педагогикалық әдістерді жіктеуді және оларды қолданудың заманауи тәсілдерін біледі, жеке тұлғаның жеке қасиеттері мен психофизикалық мүмкіндіктерін ескере отырып оқу үдерісін құрастырады
	ОН 3	Басқару психологиясының пәні, міндеттері мен әдістерін түсінеді, басқару ғылымының негізгі мектептерін, басқарудың заманауи психологиядағы көшбасшылық және көшбасшылық теорияларын біледі, басқару шешімдерін қабылдаудың психологиялық аспектілерін анықтайды, өзара әрекеттесуді және кәсіби қарым-қатынас жасауды, жеке және ұжымдық шешімдерді қабылдау, жанжалды жағдайларды жеңу әдістеріне ие
	ОН 4	Халықаралық қатынастар және сыртқы саясат мәселелерін зерттеуде қолданылатын негізгі әдістерді қолданады, көздермен және ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеудің негізгі қағида-тарты мен талаптарын және осы саладағы ғылыми зерттеулер әдіснамасын біледі, халықаралық қатынастардың проблемалары бойынша ғылыми білімді, ғылыми ойлау мәдениетін және сөйлеу дағдыларын дамытудың негізгі дәстүрлі және заманауи әдістерін қолдануды біледі
	ОН 5	Халықаралық қарым-қатынас және дипломатия саласындағы негізгі терминологияны, сөйлемдерді және фразеологизмдерді, шет тілінде кәсіби қарым-қатынас саласында жазбаша және ауызша сөйлеу ерекшеліктерін біледі, ауызша және жазбаша қарым-қатынастың типтік жағдайларда коммуникативтік лексикалық және грамматикалық құрылымдарын қолданады, жаңа білімнің өзін-өзі меңгерудің, кәсіптік қызметте шет тілін пайдаланудың дағдыларын біледі
	ОН 6	Әлемдік, аймақтық және ұлттық деңгейлердегі халықаралық қатынастар мен сыртқы саясаттың әртүрлі мәселелері бойынша білімін көрсетеді және кеңейтеді, жаһандық және өңірлік контексттегі халықаралық оқиғалар мен проблемаларды сыни түрде талдайды, нақты халықаралық жағдайды бағалайды, оны қалай шешу бойынша ұсыныстар әзірлейді.

	ОН 7	Халықаралық қатынастар жүйелерінің жұмыс істеуін түсіндіру негізгі тәсілдерін, халықаралық қатынастарды зерттеудің әдістері мен негізгі әдіснамалық тәсілдемелерін біледі, саяси идеяларды, тәжірбиелерді мен міселелрді талдау үшін халықаралық қатынастардың теориялары мен тұжырымдамаларын қолданады, жаһандық және аймақтық сипаттамадағы мәселелер бойынша негізгі түсініктер жалпылама біледі және оларды халықаралық қатынастардағы практикалық жағдайларға қолданады
2. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	ОН 8	Ғылыми-зерттеу күшті дағдыларын көрсетеді, кәсіптік сипаттағы идеялар мен жобалардың бастамашысы ретінде әрекет етеді, жобалық топтағы дағдыларды меңгереді
3. Сандық құзыреттер: (Digital skills):	ОН 9	Қазіргі заманғы әлемдік ахуалын қалыптастырудың негізгі үрдістері мен ерекшеліктерін, халықаралық саяси ортаны біледі, әлемдік саясаттағы және экономикадағы қазіргі заманғы қайшылықтар мен ынтымақтастық бағыттарын айқындайды, жаһандық халықаралық қатынастардың институционалдық даму тенденцияларын талдайды және қолданыстағы теориялар мен тұжырымдар негізінде халықаралық жағдайды зерттейді
	ОН 10	Халықаралық қатынастардағы қолданбалы талдау әдістерін біледі, халықаралық қатынастардағы қазіргі процестерді жүйелеуді біледі, әлемдік саясаттың барлық салаларында жаһандық және өңірлік деңгейлерде нақты жағдайды жан-жақты және ситуациялық талдауды қалай дайындайтыны туралы біледі, халықаралық және ішкі саяси орта жай-күйі туралы тұжырымдар мен ұсынымдар әзірлейді
	ОН 11	Заманауи ақпараттық қоғамды дамытудағы ақпараттың сипатын және маңыздылығын, жалпыға ортақ және жаһандық ауқымдағы қоғамдық пікірді қалыптастыруға БАҚ әсер ету механизмдерін біледі, қоғамдық дипломатияны жүргізуде цифрлық дағдыларды көрсетіп, ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтауда негізгі дағдыларды меңгереді.

Қосымша 3

Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модуль атауы	Пәндер атауы	Көлемі (ECTS)
ОН 1	Жоғары білім берудегі философиялық және тарихи аспектілер	Ғылым тарихы мен философиясы	4
ОН 1		Жоғары мектептің педагогикасы	4
ОН 1		Басқару психологиясы	4
ОН 2	Шетел тілі және қазіргі әлемдік тәртіп	Шет тілі (кәсіби)	4
ОН 3 ОН 7		Тұрақты даму мақсаттары және жаһандық проблемалар	5
		Қазіргі әлемдегі мегатрендтер	
ОН 3 ОН 4	Комерцияландыру және халықаралық қатынастардағы инновациялар	Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерциализациялау	5
ОН 3 ОН 4 ОН 5 ОН 9		Инновациялық жобаларды басқару	
РО 3 РО 4 РО 5 ОН 9		Полиакторлық және ХХІ ғасырдағы жаһандық басқару проблемалары	5
	Халықаралық қатынастардағы инновациялар		
ОН 6 ОН 7	Халықаралық қатынастардың теориялық және әдістемелік аспектілері	Халықаралық қатынастар және сыртқы саясатты зерттеу әдіснамасы	4
ОН 6 ОН 7		Халықаралық қатынастар теориясы	4
ОН 6 ОН 7		Халықаралық қатынастардың қазіргі шетелдік тарихнамасы	4
ОН 7 ОН 8	Халықаралық қатынастардың іргелі қолданбалы мәселелері	Халықаралық көші-қонның саяси аспектілері	4
		Экономикалық дипломатия	
ОН 6 ОН 7		Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы сыртқы саяси стратегиясы	4
	ҚР-РФ-ҚХР: ХХІ ғасырдың еуразиялық геосаясатындағы стратегиялық үшбұрыш		
ОН 5 ОН 7 РО 8		Ақпараттық қауіпсіздік және ақпараттық қауіпсіздік	4

		технологиялары	
		Цифрлық дипломатия	
ОН 7 ОН 8		Жаһандық қауіпсіздік және қазіргі заманғы халықаралық қақтығыстар	4
		Қарусыздану саясаты және дәстүрлі және ядролық қаруды бақылау	
ОН 6 ОН 7 ОН 8		Халықаралық үрдістерді жағдаяттық моделдеу	4
		Халықаралық жағдайларды талдау	
ОН 4 ОН 7		Халықаралық экономикалық қатынастардағы басқару	4
ОН 2 ОН 3		World Cultural Heritage and International Tourism	
ОН 10 ОН 11	Халықаралық қатынастарының өзекті мәселелері	Зерттеу практикасы	13
ОН 9 ОН 10 ОН 11 ОН 12	Ғылыми-зерттеу жұмысы	Магистранттың ғылыми тәжірибесі, соның ішінде тағылымдама мен магистрлік диссертация дайындау	24
ОН 11 ОН 12	Қорытынды аттестаттау	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	12

		психологиясының теориялық ерекшеліктері. Басшының жеке ерекшеліктері. Ұйымдағы көшбасшы мен бағыныштылардың қарым-қатынас ерекшеліктері. Басқару психологиясының негізгі аспектілері. Іскерлік қарым-қатынастың психологиялық аспектілері, басқарудың мотивациялық аспектілері.													
D 4	Шет тілі (кәсіби)	Оқу пәні магистратураның негізгі білім беру бағдарламасының жалпы ғылыми оқу циклінің негізгі бөлігін жүзеге асырады және кәсіби мүдделер саласында мәдениетаралық және коммуникация құралы ретінде шет тілін белсенді меңгерген жоғары білікті мамандарды даярлауды жүзеге асыру процесінің органикалық бөлігі болып табылады. Пәнді оқу үшін білім алушылар бакалавриат деңгейінің бағдарламасында көзделген тілдік білімді меңгеруі тиіс.	4					+							
D 5	Тұрақты даму мақсаттары және жаһандық проблемалар	Курс БҰҰ әзірлеген тұрақты даму мақсаттарын және олардың адамзаттың жаһандық мәселелерін шешудегі рөлін зерттеуге, ұлттық мақсаттар мен ТДМ арақатынасын талдауға, мақсаттар интеграциясының деңгейін және оның халықаралық қатынастарға әсерін бағалауға бағытталған.	5					+		+					
	Қазіргі әлемдегі мегатрендтер	Курс ХХІ ғасырдағы жаһандану үдерістерімен байланысты қазіргі заманғы әлемнің мегатрендтерін зерделеуге бағытталған. Қазіргі қоғамдағы демократияландыру процесіне, мемлекеттік-центристік саяси жүйенің эволюциялық өзгерістеріне жалпы сипаттама беріледі. Халықаралық қауіпсіздік жүйесіндегі тәуекелдер, оның ішінде қазіргі қоғамдағы демографиялық және көші-қон процестері талданады.						+		+	+			+	
D 6	Халықаралық қатынастар және сыртқы саясатты зерттеу әдіснамасы	Курс халықаралық қатынастар туралы ғылымның теориялық және әдіснамалық мәселелерін зерттеуге бағытталған. Сыртқы саяси процестерді зерттеудің пәні мен ерекшелігі, сыртқы саяси процестерді зерттеу әдістері	4							+	+				

		мен әдістерінің мазмұны, сыртқы саяси мәселелерді зерттеу саласында қорытынды аналитикалық материалдарды дайындау ережелері зерттеледі. Аналитикалық тәжірибенің әдіснамалық құралдары ашылады.												
D7	Халықаралық қатынастар теориясы	Курс халықаралық қатынастарды зерттеуге негізделген негізгі ұғымдар мен тұжырымдамалық тәсілдердің мазмұнын ашуға бағытталған. Әлемдік ғылымда бар Теориялық бағыттар мен мектептер туралы білім беріледі, халықаралық процестерді жүйелі талдауға қажетті, кең таралған әдістер зерттеледі.	4						+	+				
D8	Халықаралық қатынастардың қазіргі шетелдік тарихнамасы	Курс шетелдік ғалымдардың қазіргі әлемдік саясат пен халықаралық қатынастар мәселелерін, геосаяси тұжырымдамаларды, қазіргі халықаралық-саяси ғылымдағы халықаралық қатынастарды теориялық зерттеуді қарастыруға бағытталған. Халықаралық интеграцияның теориялық тұжырымдамаларына, халықаралық режимдер теориясын, коалициялар теориясын қалыптастыруға, халықаралық жүйелердің теориялық модельдеріне, жаһандану мәселелері бойынша теориялық пікірталастарға, халықаралық қауіпсіздік тұжырымдамаларына маңызды орын беріледі.	4	+						+				
Негізгі пәндер циклі														
Таңдау бойынша компонент														
D9	Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерциализациялау	Курс инновациялық экономиканың негізгі тетіктерін, отандық экономиканы дамытудағы және халықтың өмір сүру деңгейін арттырудағы ұлттық зерттеу орталықтарының рөлін зерттеуге бағытталған. Зияткерлік меншік, инновациялық маркетинг, коммерцияландыру модельдері, қаржыландыру құралдары сияқты мәселелерге көңіл бөлінеді. Қоршаған ортаға және инновациялық қызметке және зерттеу нәтижелерін	5			+	+				+			

		коммерцияландыру процесіне қатысушыларға баға беріледі.													
	Инновациялық жобаларды басқару	Курс инновациялық жобаларды басқарудың негізгі тұжырымдамаларын, философиясы мен әдіснамасын игеруге, инновациялық жобаларды және оларды басқару тәсілдерін жіктеуге, жобаларды басқарудағы мемлекеттік және жеке сектордың рөлін зерделеуге, инновациялық құзыреттер мен инновациялық мәдениеттің ерекшеліктерін сипаттауға, сондай-ақ инновацияға кедергілер мен оларды еңсеру тәсілдерін талдауға бағытталған.				+	+			+					
D10	Полиакторлық және XXI ғасырдағы жаһандық басқару проблемалары	Курс субұлттық, ұлттық, өңірлік құрылымдар, халықаралық және мемлекеттік емес актерлер арасындағы өзара тәуелділіктің артуы жағдайында жаһандандудың табиғаты мен жаһандық басқару проблемалары туралы терең түсінік береді. Курс жаһанданду күшін әртүрлі мемлекеттер, халықаралық көшбасшылар, экономикалық құрылымдар және бірқатар халықаралық ұйымдар тұрғысынан зерттеуге бағытталған.	5				+		+				+		
	Халықаралық қатынастардағы инновациялар	Курс халықаралық қатынастардағы инновациялық саясаттың тұжырымдамалық негіздерін зерттеуге бағытталған. Жіктеу инновациялық саясаттағы негізгі теориялық тәсілдер мен әдістерге беріледі. Әлемдік саясаттың қолданбалы аналитикалық-болжамдық зерттеулері сипатталады, инновациялық процестер мен ұлттық - инновациялық жүйелер, инновациялық процестерді басқару әдістері зерттеледі.					+		+				+		
D11	Халықаралық көші-қонның саяси аспектілері	Курс білім алушыларда Халықаралық көші-қон процестерінің қазіргі жай-күйі мәселелері, олардың себептері, қазіргі әлемдегі рөлі және өңірлік, жалпыеуропалық және әлемдік деңгейдегі көші-	4				+		+						

		қонды реттеу мүмкіндіктері бойынша жүйеленген білімді қалыптастыруға бағытталған. Көші-қонның мемлекеттердің сыртқы саясатын қалыптастыру процесіне, жаһандық демографиялық жағдайға, әлемдік экономика мен халықаралық қаржы жүйесіне, әлеуметтік және әлеуметтік-мәдени өзгерістерге және халықаралық қауіпсіздікке әсері талданады.												
	Экономикалық дипломатия	Курс елдің экономикалық мүдделерін халықаралық деңгейде қорғауға, оның ішінде экспортты ұлғайтуға, шетелдік инвестицияларды тартуға, Халықаралық экономикалық ұйымдардың жұмысына қатысуға бағытталған дипломатиялық іс-қимылдарды зерделеуге бағытталған. Шет елдер мен Қазақстан Республикасының экономикалық, сауда, борыштық, энергетикалық дипломатиясының теориялық негіздері талданады.						+	+	+				
D12	Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы сыртқы саяси стратегиясы	Курс тәуелсіздік алған сәттен бастап қазіргі уақытқа дейін Қазақстан Республикасының сыртқы саяси стратегиясы туралы тұтас түсінік алуға бағытталған, оның айрықша ерекшеліктері қазақстандық сыртқы саяси ведомстволардың шешім қабылдау тетіктерін айқындайды. Қазіргі әлемнің жаһандық проблемаларын шешудегі Қазақстан Республикасының рөліне баға беріледі.	4				+		+	+				
	ҚР-РФ-ҚХР: XXI ғасырдың еуразиялық геосаясатындағы стратегиялық үшбұрыш	Курс Қазақстан Республикасынан, Ресей Федерациясынан және Қытай Халық Республикасынан тұратын XXI ғасырдағы Еуразиялық геосаясаттың стратегиялық үшбұрышын зерттеуге бағытталған. Стратегиялық үшбұрыштың геосаясатының философиясы тұтастай және әр елдің жеке-жеке талданады, Еуразиялық геосаясаттың эволюциясы мен ерекшелігіне және					+		+	+				

		халықаралық ұйымдарға баға беріледі.													
D17	Зерттеу практикасы	-	13				+	+	+	+	+		+	+	
D18	Магистранттың ғылыми тәжірибесі, соның ішінде тағылымдама мен магистрлік диссертация дайындау	-	24				+	+	+	+	+		+	+	
D19	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	-	12				+	+	+	+	+		+	+	

Қосымша 6

Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу

Оқыту нәтижелері	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ОН1	Ғылыми зерттеулердің негізгі әдістерін және ғылыми зерттеулер стратегиясын, ғылымның философиясының классикалық және қазіргі заманғы тұжырымдамаларын білуді көрсетеді, ғылымның дамуының қазіргі кезеңінде туындайтын негізгі дүниетанымдық және әдістемелік мәселелер бойынша бағыттарды біледі, ғылым философиясының терминологиялық аппаратымен, логикалық талдау әдістері мен тәсілдерімен жұмыс істей алады	интерактивті дәріс	тест
ОН2	Гуманитарлық білім жүйесіндегі жоғары педагогикалық мектептің орны, рөлі мен маңызын түсінеді, педагогикалық зерттеулерді жобалау мен жүргізудің негізгі теориялық, әдістемелік және этикалық қағидаларын, педагогикалық процесті құрастырудың ерекшеліктері, құрылымы мен модельдерін, педагогикалық әдістерді жіктеуді және оларды қолданудың заманауи тәсілдерін біледі, жеке тұлғаның жеке қасиеттері мен психофизикалық мүмкіндіктерін ескере отырып оқу үдерісін құрастырады	кейс-әдістер	коллоквиум
ОН3	Басқару психологиясының пәні, міндеттері мен әдістерін түсінеді, басқару ғылымының негізгі мектептерін, басқарудың заманауи психологиядағы көшбасшылық және көшбасшылық теорияларын біледі, басқару шешімдерін қабылдаудың психологиялық аспектілерін анықтайды, өзара әрекеттесуді және кәсіби қарым-қатынас жасауды, жеке және ұжымдық шешімдерді қабылдау, жанжалды жағдайларды жеңу әдістеріне ие	жобалық оқыту	презентациялар
ОН4	Халықаралық қатынастар және сыртқы саясат мәселелерін зерттеуде қолданылатын негізгі әдістерді қолданады, көздермен және ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеудің негізгі қағидаттары мен талаптарын және осы саладағы ғылыми зерттеулер әдіснамасын біледі, халықаралық қатынастардың проблемалары бойынша ғылыми білімді, ғылыми ойлау мәдениетін және сөйлеу дағдыларын дамытудың негізгі дәстүрлі және заманауи әдістерін қолдануды біледі	пікірталас	жобаны дайындау
ОН5	Халықаралық қарым-қатынас және дипломатия саласындағы негізгі терминологияны, сөйлемдерді және фразеологизмдерді, шет тілінде кәсіби қарым-қатынас саласында жазбаша және ауызша сөйлеу ерекшеліктерін біледі, ауызша және жазбаша қарым-қатынастың типтік жағдайларда коммуникативтік лексикалық және грамматикалық құрылымдарын қолданады, жаңа білімнің өзін-өзі меңгерудің, кәсіптік қызметте шет тілін пайдаланудың дағдыларын біледі	инверттелген класс (Flipped Class)	эссе жазу
ОН 6	Әлемдік, аймақтық және ұлттық деңгейлердегі халықаралық қатынастар мен сыртқы саясаттың әртүрлі мәселелері бойынша білімін көрсетеді және кеңейтеді, жаһандық және өңірлік контексттегі халықаралық оқиғалар мен проблемаларды сыни түрде талдайды, нақты халықаралық жағдайды бағалайды, оны қалай	дөңгелек үстел	портфолио

	шешу бойынша ұсыныстар әзірлейді		
ОН 7	Халықаралық қатынастар жүйелерінің жұмыс істеуін түсіндіру негізгі тәсілдерін, халықаралық қатынастарды зерттеудің әдістері мен негізгі әдіснамалық тәсілдемелерін біледі, саяси идеяларды, тәжірибелерді мен міселелрді талдау үшін халықаралық қатынастардың теориялары мен тұжырымдамаларын қолданады, жаһандық және аймақтық сипаттамадағы мәселелер бойынша негізгі түсініктер жалпылама біледі және оларды халықаралық қатынастардағы практикалық жағдайларға қолданады	жобалық оқыту	презентациялар
ОН 8	Ғылыми-зерттеу күшті дағдыларын көрсетеді, кәсіптік сипаттағы идеялар мен жобалардың бастамашысы ретінде әрекет етеді, жобалық топтағы дағдыларды меңгереді	интерактивті дәріс	тест
ОН 9	Қазіргі заманғы әлемдік ахуалын қалыптастырудың негізгі үрдістері мен ерекшеліктерін, халықаралық саяси ортаны біледі, әлемдік саясаттағы және экономикадағы қазіргі заманғы қайшылықтар мен ынтымақтастық бағыттарын айқындайды, жаһандық халықаралық қатынастардың институционалдық даму тенденцияларын талдайды және қолданыстағы теориялар мен тұжырымдар негізінде халықаралық жағдайды зерттейді	пікірталас	жобаны дайындау
ОН 10	Халықаралық қатынастардағы қолданбалы талдау әдістерін біледі, халықаралық қатынастардағы қазіргі процестерді жүйелеуді біледі, әлемдік саясаттың барлық салаларында жаһандық және өңірлік деңгейлерде нақты жағдайды жан-жақты және ситуациялық талдауды қалай дайындайтыны туралы біледі, халықаралық және ішкі саяси орта жай-күйі туралы тұжырымдар мен ұсынымдар әзірлейді	инверттелген класс (Flipped Class)	эссе жазу
ОН 11	Заманауи ақпараттық қоғамды дамытудағы ақпараттың сипатын және маңыздылығын, жалпыға ортақ және жаһандық ауқымдағы қоғамдық пікірді қалыптастыруға БАҚ әсер ету механизмдерін біледі, қоғамдық дипломатияны жүргізуде цифрлық дағдыларды көрсетіп, ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтауда негізгі дағдыларды меңгереді.	жобалық оқыту	презентациялар

Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері

ОН кодтары	Критерийлер
PO 1	Біледі: ғылым философиясының классикалық және заманауи тұжырымдамалары
	Істей алады: әр түрлі фактілер мен құбылыстарды талдау және бағалау үшін ғылым философиясының ережелері мен категорияларын қолдану
	Меңгерген: ғылыми зерттеулер саласындағы кәсіби қызметтегі жоспарлау технологиялары, логикалық талдау әдістері мен әдістері
PO 2	Біледі: жоғары мектеп педагогикасының әдіснамалық негіздері, Жоғары мектеп жағдайындағы педагогикалық қарым-қатынас ерекшеліктері
	Істей алады: әр түрлі әдістер мен құралдарды қолдана отырып, дәріс, семинар және практикалық сабақтарды әзірлеу және өткізу; студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру, сандық білім беру өнімдерін жасау
	Меңгерген: педагогикалық қызметтің инновациялық технологиялары, АКТ пайдалану дағдылары.
PO 3	Біледі: басқару психологиясының негізгі ережелері мен өзекті мәселелері, басқарушылық қызметтегі жеке фактордың рөлі
	Істей алады: іскерлік қарым-қатынасты тиімді жүзеге асыру, кәсіби қызмет сапасын жақсарту бойынша өндірістік шешімдер қабылдау
	Меңгерген: командалық жұмыс дағдылары, көшбасшылық қасиеттерді көрсетеді
PO4	Біледі: дереккөздермен және ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеудің негізгі принциптері мен талаптары, ғылыми ақпаратты талдау әдістемесі, магистрлік диссертацияны жазу мен ресімдеудің негізгі принциптері
	Істей алады: халықаралық қатынастар және сыртқы саясат тақырыптары бойынша ғылыми проблемаларды талдау, жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін сыни бағалау және қорыту, әлемдегі саяси жағдайдың дамуына өз көзқарасын негіздеу
	Меңгерген: ғылыми зерттеу жүргізу, мамандандырылған журналдарда ғылыми мақалалар жазу, көпшілік алдында сөз сөйлеу және ғылыми дәлелдеу дағдылары
PO 5	Біледі: тұлғааралық және мәдениетаралық өзара іс-қимылды жүзеге асыру, ғылыми ақпарат жинау үшін жеткілікті көлемде шет тілі
	Істей алады: кәсіби қызмет міндеттерін шешу үшін шет тілінде ауызша және вербалды емес нысанда еркін, қолжетімді және сенімді қарым-қатынас жасау, халықаралық қатынастар бойынша жалпы ғылыми және кәсіптік бағдарланған мәтіндерді еркін оқу, шет тілінде өз пікірін дәлелді түрде білдіру
	Меңгерген: кәсіптік қызмет саласындағы ұғымдық-терминологиялық аппаратпен, жалпы ғылыми және кәсіптік бағдарланған мәтіндерді оқу, шет тілінде көпшілік алдында сөйлеу дағдыларымен
PO6	Біледі: қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастардың негізгі проблемаларын, ұлттық, өңірлік және жаһандық деңгейлерде қауіпсіздік субъектілері мен объектілерін, қауіпсіздік қатерлерінің типтері мен түрлерін, оларды реттеу әдістерін анықтайды
	Істей алады: қауіпсіздік түрлерін жаһандық, аймақтық және ұлттық деңгейлерде жіктеу және оларға сипаттама беру, жаһандық қауіпсіздік қамтамасыз ету тұрғысынан халықаралық жағдайға SWOT талдау жасау

	Меңгерген: халықаралық оқиғаларды сараптамалық бағалау дағдылары.
PO7	Біледі: халықаралық қатынастар әдіснамасы саласындағы негізгі санаттар мен ұғымдар; халықаралық қатынастарды зерттеу саласындағы белгілі теориялық мектептер мен бағыттар, ғылыми зерттеу жүргізудің әдіснамасы мен параметрлері
	Істей алады: өзекті халықаралық процестер мен проблемаларды талдау үшін теорияларды, парадигмаларды, тұжырымдамаларды қолдану
	Меңгерген: нақты материалдарды табу, жинау және жалпылау, негізделген тұжырымдар жасау, халықаралық процестер мен жағдайларды модельдеу дағдылары
PO 8	Біледі: зерттеу қызметінің ерекшеліктері мен негізгі бағыттары, зерттеу стратегиясын тұжырымдаудың базалық тұжырымдамалық тәсілдері; зерттеу жобаларын қалыптастыру қағидаттары және бағалау тәртібі
	Істей алады: халықаралық қатынастарды зерттеу саласында жаңа идеяларды шығару және генерациялау, жобаның қатысушысы ретінде отандық және халықаралық зерттеу топтарында жұмыс істеу, жобаның идеяларын қоғамдық кеңістікте ілгерілету
	Меңгерген: халықаралық қатынастардағы жағдайлар мен процестерді зерттеу, топтық жұмыс дағдыларымен зерттеу бойынша қолданбалы жобаларды орындау кезінде контент-талдау, ивент-талдау және когнитивті картаға түсіру әдіснамасымен
PO 9	Біледі: қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың негізгі трендтері мен үрдістері, оларды тұрақты даму үшін тәуекелдер мен мүмкіндіктер тұрғысынан сыныптайды
	Істей алады: қазіргі заманғы халықаралық қатынастар трендтерінің қазіргі заманғы әлемдік тәртіпті дамытуға әсерін талдау, барлық факторларды ескере отырып, оқиғалардың одан әрі барысын болжау
	Меңгерген: жаһандық сипаттағы проблемалардың салдарын еңсеру бойынша сараптамалық бағалаулар мен ұсынымдар жасау дағдылары
PO 10	Біледі: халықаралық процестерді қолданбалы саяси талдау әдістері
	Істей алады: жүйелі түрде ойлау, халықаралық-саяси және дипломатиялық мағыналарды және кәсіби қызмет бағытына түсетін мәселелердің мәнін анықтау
	Меңгерген: кәсіби қызметте халықаралық үдерістерді қолданбалы саяси талдау әдістерін қолдану дағдылары
PO 11	Біледі: қазіргі заманғы ақпараттық кеңістіктің жай-күйі, отандық және шетелдік БАҚ-тың қоғамдық пікірін қалыптастыру тетіктері, цифрлық дипломатияның теориялық және практикалық негіздері, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері
	Істей алады: бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарымен жұмыс істеу, олардан құнды ақпарат алу, мемлекеттің оң ұлттық имиджін құру бойынша жұмыс жүргізу
	Меңгерген: бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарымен жұмыс істеу, олардан құнды ақпарат алу, мемлекеттің оң ұлттық имиджін құру бойынша жұмыс жүргізу

Қосымша 7

Түлек моделі

Түлектің атрибуттары:

Халықаралық қатынастар саласындағы жоғары кәсіби деңгей

Эмоционалды интеллект
 Жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы бейімділігі
 Көшбасшылық және жауапкершілікті алу мүмкіндігі
 Жаһандық азаматтық
 Академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің маңызын түсіну

Құзыреттілік түрлері	Құзыреттіліктер сипаттамасы
1. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	Әр түрлі фактілер мен құбылыстарды талдау және бағалау үшін ғылым философиясының ережелері мен категорияларын қолдана біледі; әр түрлі әдістер мен құралдарды қолдана отырып, дәріс, семинар және практикалық сабақтарды әзірлейді және өткізеді; студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру, сандық білім беру өнімдерін жасай алады; іскерлік қарым-қатынасты тиімді жүзеге асыру, кәсіби қызмет сапасын жақсарту бойынша өндірістік шешімдер қабылдай алады; халықаралық қатынастар және сыртқы саясат тақырыптары бойынша ғылыми проблемаларды талдау, жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін сыни бағалай алады және қорытады, әлемдегі саяси жағдайдың дамуына өз көзқарасын негіздейді; кәсіби қызмет міндеттерін шешу үшін шет тілінде ауызша және вербалды емес нысанда еркін, қолжетімді және сенімді қарым-қатынас жасай біледі, халықаралық қатынастар бойынша жалпы ғылыми және кәсіптік бағдарланған мәтіндерді еркін оқу, шет тілінде өз пікірін дәлелді түрде білдіре алады; қауіпсіздік түрлерін жаһандық, аймақтық және ұлттық деңгейлерде жіктеу және оларға сипаттама береді, жаһандық қауіпсіздік қамтамасыз ету тұрғысынан халықаралық жағдайға SWOT талдау жасайды; өзекті халықаралық процестер мен проблемаларды талдау үшін теорияларды, парадигмаларды, тұжырымдамаларды қолданады
2. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	Халықаралық қатынастарды зерттеу саласында жаңа идеяларды шығару және генерациялау, жобаның қатысушысы ретінде отандық және халықаралық зерттеу топтарында жұмыс істеу, жобаның идеяларын қоғамдық кеңістікте ілгерілете алады
3. Сандық құзыреттер: (Digital skills):	Қазіргі заманғы халықаралық қатынастар трендтерінің қазіргі заманғы әлемдік тәртіпті дамытуға әсерін талдай алады, барлық факторларды ескере отырып, оқиғалардың одан әрі барысын болжайды; жүйелі түрде ойлау, халықаралық-саяси және дипломатиялық мағыналарды және кәсіби қызмет бағытына түсетін мәселелердің мәнін анықтау; бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарымен жұмыс істеу, олардан құнды ақпарат алу, мемлекеттің оң ұлттық имиджін құру бойынша жұмыс жүргізе біледі

Құрастырғандар:

Жұмыс тобының мүшелері:

Бүкіл әлем тарихы және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі

Ж.М. Кенжеғали

Бүкіләлем тарихы және халықаралық қатынастар кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Б.А. Досова

ММО-61 тобының 2 курс магистранты

А.А. Абжанова

Білім беру бағдарламасы факультет кеңесінде қарастырылды және ұсынылды 28.03.2024ж. хаттама № 9

Білім беру бағдарламасы Академиялық кеңес отырысында қаралды және бекітуге ұсынылды 28.04.2024ж. хаттама № 5

Білім беру бағдарламасы Ғылыми кеңестің отырысында қарастырылды және бекітілді 16.05.2024ж. хаттама № 12

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Т.З. Жүсіпбек

Академиялық жұмыс департаментінің директоры

Г.С. Акыбаева

Тарих факультетінің деканы

Д.А. Джумабеков

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ЖОСПАРЫ
ШИФР-7М03103-ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Жоспардың мақсаты – еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі заманғы ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайларының сапасын арттыруға жәрдемдесу.

Мақсатты индикаторлар

№	Индикаторлар	Өлшем бірл.	2022-2023 (факті бойынша)	2023-2024 (жоспар)	2024-2025 (жоспар)	2025-2026 (жоспар)
1	Кадрлық потенциалды дамыту					
1.1	Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі	Адам саны	8	-	1	1
1.2	Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру	Адам саны	14	4	3	3
1.3	Оқытуға практик-мамандарды тарту	Адам саны	1	1	1	1
1.4	Басқа	Адам саны	-	-	-	-
2	Рейтингтердегі БББ жылжыту					
2.1	НАОКО	Позициясы	4	4	3	3
2.2	НААР	Позициясы	4	3	3	2
2.3	Атамекен	Позициясы	2	2	1	1
3.	Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу					
3.1	Оқулықтар	Саны	-	1	-	1
3.2	Оқу құралдары	Саны	-	1	1	-
3.3	Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау	Саны	1	1	-	1
3.4	Электронды оқулық	Саны	-	-	-	-
3.5	Видео/аудиодәріс	Саны	1	1	1	1
3.6	Пән бойынша сайт	Саны	-	-	-	-
4.	Оқу және зертханалық базаны дамыту	Саны				
4.1	Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	Саны	1	1	-	1
4.2	Жабдықтарды сатып алу	Саны	3	5	6	9
4.3	Басқа	Саны	-	-	-	-

5.	БББ мазмұнын өзектендіру					
5.1	Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер тізбесін жаңарту	Жыл	+	-	-	-
5.2	БББ-на шет тілдеріндегі оқу пәндерін енгізу*	Жыл	-	-	-	-
5.3	Оқытудың жаңа әдістерін енгізу	Жыл	+	+	+	+
5.4	ББ базасында бірлескен / екі дипломды бағдарламаны ашу	Жыл	-	-	+	-
5.5	Басқа	Жыл	-	-	-	-